

Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 маусым N 797

Мұрағат ісі саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы есеп тапсырсын. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.04. N 272 қаулысымен, 2005.01.28. N 73 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 11 маусымдағы
N 797 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы

1. Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасының ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы	Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	"Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қаңтардағы N 146 қаулысы

Бағдарламаны негізгі әзірлеушілер	Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі; Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару
жөніндегі комитеті	
Іске асырылу	2001-2005 жылдар
мерзімі	
Бағдарламаның мақсаты	Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытуды және жетілдіруді қамтамасыз ету
Бағдарламаның міндеттері	Мұрағат саласының жұмыс істеуінің оңтайлы моделін жасау, оны нарықтық экономика жағдайына бейімдеу Ақпараттық ресурстарды жинақтау, жүйелеу, іздестіру және пайдалану тетіктерін жетілдіру Саланың материалдық-техникалық базасын
дамыту	
Негізгі іс-шараларды орындаушылар	Қазақстан Республикасы Мәдениет ақпарат және спорт министрлігі. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті.
Қаржыландыру көзі және көлемі	Бағдарламаны қаржыландырудың негізгі көзі республикалық бюджет болып табылады. Бағдарламаны іске асыру үшін 2002-2005 жылдарға бюджет қаражатына ең төменгі есептік қажеттілік 112,47 миллион теңгені құрайды. Оның жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңымен нақтыланатын болады. Халықаралық ұйымдардың гранттық көмегін тарту көзделеді.
Күтілетін түпкі нәтиже	Мұрағат саласының қызметін жетілдіру; мемлекеттік мұрағат мекемелерінің нарықтық экономика жағдайына бейімделуін аяқтау; мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын жаңарту және оларды қазіргі стандартқа жақындату

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.13. N 518 қаулысымен , 2002.12.20. N 1336 қаулысымен , 2004.03.04. N 272 қаулысымен , 2005.01.28. N 73 қаулысымен .

2. Кіріспе

Мемлекеттік тетіктің жұмыс істеуінің бұлжымас шарттарының бірі оны ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мұратты орындауда мұрағат ісі және құжат жасау маңызды орынға ие болады. Мұрағаттар қоғамның ғылыми, мәдени және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мемлекеттік органдарға өткенді шолатын құжаттық ақпаратты оңтайлы түрде және көлемде пайдалануға береді.

Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" 2001 жылғы 26 қаңтардағы N 146 қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу мұрағат саласындағы қазіргі ұйымдастырушылық және құқықтық қатынастарды жетілдіру мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын жаңалау халықаралық мұрағат ұйымдарында Қазақстанның беделін көтеру қажеттіліктерінен туындады.

Бағдарламада құжаттық мұраны қалыптастыру мен сақтауда салааралық сипаты бар мұрағат ісін дамытудың әлемдік практикасының тәжірибесі мен қазіргі үрдістері ескерілген .

Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар " Қазақстан-2030" стратегиясымен анықталған еліміздің рухани және мәдени дамуының мақсаттары мен міндеттеріне жауап береді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Мұрағат ісінің қазіргі жағдайына бірқатар келеңсіз факторлар әсер етуде. Олардың ішінде, ең алдымен, мұрағат саласының нормативтік құқықтық базасының толық еместігін, қаржыландыру практикасының қажетті мөлшерінің ең төменгі деңгейде екендігін атап өту қажет .

Қазақстан Республикасындағы ұйымдық-құқықтық нысандағы барлық ұйымдарда құжаттау мен құжаттама басқарудың көптеген мәселелері құқықтық регламенттеу мен ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді, мемлекеттік органдар үшін бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесін құруды, мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттарда Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтауды, оларды материалдық-техникалық, қаржымен және кадрмен қамтамасыз етуді талап етеді.

Мемлекеттік сақтауға түскен ақпараттардың өсуі мен саланың кадрлық әлеует динамикасының арасында сәйкессіздік байқалады. Соның ішінде, тәуелсіздік алған

жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттары екі есеге ұлғайып, істер 16 миллионға дейін жеткен кезде, мемлекеттік мұрағат мекемелеріндегі штаттар саны екі есеге жуық, яғни, мамандар 1905-тен 1093-ке дейін қысқарды. Мемлекеттік органдар құрылымына бірнеше рет оңтайландыру жүргізілген кезде, құралған және сақтауда тұрған құжаттар көлемі азаймағанына қарамастан, көбінесе іс жүргізу және мұрағат саласындағы қызметкерлер қысқартуға ұшырайды.

Мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасы моральдық және материалдық жағынан тозған, қазіргі стандартқа сай емес. Ұзақ уақыттан бері республиканың орталық мемлекеттік мұрағаттарында, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаттарында сақталған істер мен құжаттардың көлемі шекті мөлшерден едәуір асады. Республикада жиырма жылдан астам уақыт ішінде мемлекеттік мұрағаттың үлгілік ғимараттары салынбаған, ал әкімшілік ғимараттарды жобалау кезінде құжаттарды ведомстволық сақтау үшін арнайы үй-жайлар ескерілмейді. Осы уақытқа дейін Алматы облысының, Астана қаласының мемлекеттік мұрағаттарының жеке ғимараттары жоқ, барлық қалалық, аудандық мұрағаттар бейімделген үйлерге орналасқан, Көкшетау қалалық мұрағатының ғимараты апатты жағдайда деп танылған.

Мұрағаттарды қазіргі өрт сөндіру, күзет және өртке қарсы сигнализация құралдарымен қамтамасыз ету қолайсыз жағдайда қалып келеді. Тозығы жеткен технологиялық жабдықтар және тиісті қаржының бөлінбеуі құжаттарды сақтауды қолайлы температуралық-ылғалдылық режимде ұстауға, олардың физикалық-химиялық сақталуын тиісті деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Осындай себептерден Ұлттық мұрағат қорының неғұрлым құнды бөліктерінің түпнұсқаларын жоғалудан немесе бүлінуден сақтау үшін сақтық көшірмелеу, сақталу көлемін ықшамдау мақсатында құжаттарды осы заманғы жеткізуші құралдарға көшіру мәселелері жүзеге асырылмай отыр. Жеке меншікте және жеке мұрағаттарда, сондай-ақ басқа елдердің мұрағаттарындағы ғылыми-тарихи және мәдени құндылықтары бар құжаттарды (көшірмелерін) сатып алу мүмкіндігі жоқ.

Компьютерлік мұрағаттық технологияны, мемлекеттік мұрағаттарды компьютерлендіруді енгізу қазіргі заманғы қажеттіліктен артта қалған, бүгінгі күні 226 мекемеде тек 160 компьютер ғана есепте бар.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамыту және жетілдіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламада қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделген:
мұрағат ісі мен құжаттама жүйесін дамытуды реттейтін нормативтік құқықтық
б а з а н ы ж е т і л д і р у ;

нарықтық экономика жағдайында мұрағат ісін дамытудың және мұрағат саласының жұмыс істеуінің оңтайлы моделін жасау;
ақпараттық ресурстарды жинақтау, жүйелеу, іздестіру мен пайдаланудың қазіргі заманғы тетігін құру;
мұрағат саласының материалдық-техникалық базасын дамыту.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламада қойылған мақсат пен міндеттерді орындау мынадай негізгі бағыттар бойынша жүреді.

1. Нормативтік құқықтық базаны дамыту.

2001-2005 жылдары мұрағат ісінің нормативтік құқықтық базасы жетілдіріледі. Бірінші кезекте нарықтық экономика жағдайынан туындайтын неғұрлым маңызды проблемаларды шешуге бағытталған мұрағат ісінде жаңа ағымдар пайда болуы мен технологиялар әкелуге ықпал жасайтын негіз қалаушы нормативтік құқықтық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді әзірлеу көзделеді.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Заңына, "Ұлттық мұрағат қоры туралы" ережеге, мұрағат құжаттарына меншік құқығын, құжаттың жаңа түрлерін, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды жинақтау, сақтауды қамтамасыз ету, есепке алу және пайдалану мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттарды мемлекеттік есепке алу, ережелеріне және құжаттардың сақталу мерзіміне қатысты нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорындағы Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтық қоры туралы, Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын Қазақстан Республикасынан тысқары шығарудың тәртібі туралы ережелерді, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттама басқарудың үлгілік ережесін, Ведомстволық мұрағаттарда жұмыс істеудің негізгі ережелерін әзірлеу көзделуде.

2. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы мұрағаттар мен құжаттама басқарудың уәкілетті мемлекеттік органдарының, мұрағаттар мен құжаттама басқарудың жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдарының, мемлекеттік мұрағаттардың қызметі мұрағат ісі бойынша негізгі нормативтік құқықтық кесімдерді іске асыруға жәрдемдесетін ғылыми-әдістемелік құралдарды әзірлеуге бағытталады. Алда дыбыстық-бейнелік, электрондық, ғылыми-техникалық құжаттамалармен жұмыс істеудің әдістемелік құралдарын дайындау, мұрағат ұйымдарының қызметіндегі ұйымдық-өкімдік құжаттамалардың мемлекеттік стандарттарын, Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын

сақтаудың техникалық шарттарын әзірлеу міндеті тұр. Мұрағат құжаттарын сипаттау, іздеу, есепке алу жөнінде және оларға ғылыми-анықтамалық аппаратты жасауда халықаралық стандарттарды зерттеп білу және енгізу ұйымдастырылады. Бірыңғай электрондық құжаттама айналымының жүйесіне көшуге байланысты құжаттармен жұмыс жасаудың мүлде жаңа технологиясының бірқатарын әзірлеу міндеті алда тұр.

3. Материалдық-техникалық жарақтау және кадрмен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын нығайту және мұрағат мекемелерінің қызметкерлерін даярлау (қайта даярлау) жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Құжаттық тарихи-мәдени мұраның қауіпсіз және ұзақ сақталуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар мен параметрлер құру үшін өрт сигнализациясының заманға сай жүйесі мен өрт сөндіру құралдарын қондыру, микроклимат жасау, сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимін бақылау құралы орнатылады. Стеллаждық, микрофильм мен фотокөшірме жасау жабдықтарын сатып алу және ішінара ауыстыру көзделуде.

Мемлекеттік мұрағаттардың қажетін қосымша мұрағат қоймалары мен компьютерлік техникалар арқылы қанағаттандыру көзделеді.

Отандық жоғарғы оқу орындарында, мемлекетаралық және республикалық орталықтарда кадрларды даярлау, мұрағат және іс жүргізу қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін көтеру мемлекеттік мұрағаттардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Мұрағат ісін ақпараттандыру және құжаттама жүргізу.

Бұл бағыт мұрағат ісін дамытуда басымдыққа айналады. "Мұрағат ісі" бағдарламалық кешенінің негізінде "Республикалық қор тізімдемесі" ақпараттық дерекқорын құру аяқталады. Мұрағат ісі тәжірибесінде автоматтандырылған технологияны жан-жақты енгізу мақсатында мұрағат қорларына автоматтандырылған ғылыми-анықтамалық аппаратты құру жөнінде жұмысты жандандыру, оның ішінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі кезеңіндегі "Ұлттық мұрағат қорының дерек көздерін жинақтаудың" республикалық және жергілікті дерекқорларын бағдарламалық қамтамасыз ету мен жасау жөніндегі жұмыстар өрістетілетін болады. Қазақстан тарихына қатысты бірегей жазба дереккөздерді сақтау, сақтаудағы құжаттамалар көлемін ықшамдау үшін құжаттарды жаңа жеткізушілерге көшіру, өше бастаған мәтіндерді қайта қалпына келтіру бойынша жаңа мұрағаттық технологиялар енгізіле бастайды. Интернет жүйесінде жеке сайт әзірлеу және оны ашу жоспарланады. Мемлекеттік органдардың бірыңғай электрондық құжат айналымын құруға қатысу, оны сынақтан өткізу көзделеді.

5. Мұрағат құжаттарын пайдалану.

Мұрағат мекемелерінің қызметінде мемлекет пен қоғамды өткенді шолатын құжаттық ақпаратпен қамтамасыз етуде ақпараттық қызмет рыногінің сұранысына

негізделген дәстүрлі және жаңа нысандар мен әдістерге негізделеді. Мемлекеттік органдардың ішкі және сыртқы саясаттың өзекті мәселелері жөніндегі мұрағаттық ақпаратқа қажеттерін қанағаттандыруға, тарихи ғылымның дереккөздер базасын кеңейтуге басты назар аударылады.

Бұрынғы құпия мұрағат құжаттарын құпиясыздандыруды аяқтау, тарихи деректерді жоспарлы түрде жариялау, тұрақты және көшпелі көрмелер ұйымдастыру жоспарланады. Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылықтарға ие шет мемлекеттердің мұрағаттарынан құжаттарды (көшірмелерді) іздестіру және сатып алу жөнінде шаралар жүзеге асырылады.

Бағдарламаның қойылған мақсаттары мен міндеттерін орындау кезең-кезеңімен мемлекеттік бюджеттің материалдық мүмкіндіктері шегінде және бірінші кезекте ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

6. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері

Бағдарлама мақсаттарына жетуге бағытталған жұмыстарды қаржыландыру республикалық бюджетпен бекітілген қаражат шегінде жүзеге асырылуға тиіс.

2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыруға ең төменгі есептік қажеттілік 112,47 миллион теңгені құрайды, соның ішінде жылдар бойынша:

2002	-	22,47	млн.	теңге;
2003	-	34	млн.	теңге;
2004	-	34	млн.	теңге;
2005	-	22	млн.	теңге.

Бағдарламаны қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған бюджет заңнамасын қалыптастыру барысында нақтыланатын болады.

Ескерту. 6 бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.13. N 518 қаулысымен.

Ескерту. 6 бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.20. N 1336 қаулысымен.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру:
мұрағат саласы жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасын кеңейтуге;
есеп жүргізу, сақтауды ұйымдастыру және құжаттарды пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік мұрағаттық мекемелер, ведомстволық және жекеменшік мұрағаттардың қызметінің нормативтері мен стандарттарын әзірлеуге;
мұрағат ісін дамытудың басымдықты бағыттарын мақсатты қаржыландыруды жүзеге асыруға;

мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттарды материалдық-техникалық жарақтауды жақсартуға және оны қазіргі стандарттарға жақындатуға;
республикалық мемлекеттік мұрағаттарда (Алматы қаласында), сақтауда тұрған

мұрағат қорының бірегей бөлігін сақтау үшін оңтайлы жағдайды қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасына байланысты шет мемлекеттердің мұрағаттарынан ғылыми-тарихи және мәдени құндылығы бар құжаттарды (көшірмелерін) іздестіру және сатып алу бағдарламаларын әзірлеуге және оны іске асыруға кірісуге;

Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құрамын және мазмұнын б а й ы т у ғ а ;

автоматтандырылған жаңа мұрағаттық технологияларды әзірлеуге және енгізуге; сақтауда тұрған құжаттама көлемін ықшамдауды, Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының аса құнды бөлігінің құжаттарын сақтық көшірмелеуді жаңа жеткізушіге көшіру арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Бағдарламаны іске асыру мемлекеттік мұрағат мекемелерінің нарықтық экономика жағдайына бейімделу процесін аяқтауға, 2006 жылы шамамен 17,5 миллион іске дейін жететін Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының сақталуын жақсартуға жеткізеді. Бағдарламаға сәйкес жұмыс істеп тұрған мұрағат қоймаларын кеңейту және жаңа мұрағат қоймаларын салу Ұлттық мұрағат қоры мен қызметкерлердің еңбек қызметі мен олардың зейнетақымен қамсыздандыруға ақша аударуы жөніндегі резервтік аялар жасауға мүмкіндік туғызады.

8. Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с! Іс-шара ! Аяқтау !Орындалуына!Орындау!Қаржылан.! Көзі
N ! ! нысаны !жауаптылар !мерзімі!дырудың !
! ! ! ! ! болжамды !
! ! ! ! ! шығыстары !

1 2 3 4 5 6 7

1. Қазақстан Рес. Қазақстан Қазақстан 2001 -
 публикасы Ұлт. Республи. Республика. жылдың
 тық мұрағат касының сы Мәдени. IV
 қорының құжат. Үкіметі ет, ақпарат тоқсаны
 тар көшірмеле. қаулысы. және қоғам.
 рінің Мемле. ның дық келісім
 кеттік сақтан. жобасы министрлі.
 дыру қоры ту. гінің Мұра.
 ралы ережені ғаттар мен
 әзірлеу құжаттамань

б а с қ а р у
ж ө н і н д е г і

комитеті

2. Қазақстан Рес. Бұйрық Мұрағаттар 2001 -
публикасының мен құжат. жылдың
мемлекеттік таманы бас. III
ұйымдарында қару жөнін. тоқсаны
құжаттаудың дегі комитет
ж ә н е құ ж а т т а .
м а н ы б а с қ а р у .
д ы ң ү л г і
е р е ж е с і н

әзірлеу

3. Ұлттық мұрағат Қазақстан Мұрағаттар 2004 -
қорының құжат. Республи. мен құжат. жылдың
тарын Қазақ. қасының таманы I тоқсаны
стан Республи. Үкіметі басқару
қасынан тысқа. қаулысы. жөніндегі
ры жерге әкету ның комитет
тәртібі туралы жобасы
е р е ж е н і

әзірлеу

4. Қазақстан Рес. Бұйрық Мұрағаттар 2001 -
публикасы Ұлт. мен құжат. жылдың
тық мұрағат таманы IV
қорының мұра. басқару тоқсаны
ғаттық қорла. жөніндегі
рын және комитет
қ ұ ж а т т а р ы н
а с а қ ұ н д ы
т а р и х и - м ә д е н и
м ұ р а о б ь е к т і .
л е р і н е ж а т .
қ ы з у т ә р т і б і
т у р а л ы е р е ж е н і

әзірлеу

5. Қазақстан Рес. Бұйрық Ақпарат 2001 ж.- -
публикасы Ұлт. және мұрағат 2005 ж.
тық мұрағат комитеті

қ о р ы н ы ң қ ұ ж а т .
т а р ы н қ ұ ж а т т а у ,
с а қ т а у , ө ң д е у ,
 е с е п к е а л у м е н
 п а й д а л а н у ж ө .
 н і н д е г і м е м л е .
 к е т т і к , с а л а л ы қ
 с т а н д а р т т а р ,
 т е х н и к а л ы қ

шарттар әзірлеу

6. Ведомстволық Норматив. Мұрағаттар 2001 -
 мұрағаттарда тік мен құжат. жылдың
 жұмыс істеудің құқықтық таманы ІV
 негізгі кесім басқару тоқсаны
 ережелерін жөніндегі
 әзірлеу комитет

7. Мемлекеттік Бұйрық Мұрағаттар 2001 -
 ұйымдардың мен құжат. жылдың
 қызметінде таманы ІV
 құралатын басқару тоқсаны
 үлгі құжаттар. жөніндегі
 дың, оларды комитет

с а қ т а у д ы ң
м е р з і м д е р і
к ө р с е т і л г е н
т і з б е с і н

әзірлеу

8. Мемлекеттік Норматив. Мұрағаттар 2002 -
 мұрағаттардың тік мен құжат. жылдың
 сақтап отырған құқықтық таманы ІІ
 құжаттарының кесім басқару тоқсаны
 көлеміне қарай жөніндегі
 қызметкерлері комитет

ш т а т т ы қ с а н ы .
н ы ң н о р м а т и в .

терін әзірлеу

9. Саланы қазіргі Қазақстан Қазақстан Жыл 2002 ж. - Респуб.
 заманғы өрт Республи. Республика. сайын 8,37 млн. ликалық
 сөндіру, өрт қасының сы Мәдени. желтоқ. теңге бюджет

және күзет дабыл бергіштері, температуралық-ылғалдылық режимдерін бақылау және сақтау, оның ішінде конди.	Үкіметіне есеп	ет, ақпарат және спорт министрлігі	2003 ж. - 10,9 млн. теңге
		Ақпарат және мұрағат комитеті	2004 ж. - 12,6 млн. теңге
			2005 ж. 4,8 млн. теңге

ц и о н е р ж ә н е
 ж е л д е т к і ш
 ж ү й е л е р і м е н
 ж ә н е к ұ р а л д а .
 р ы м е н ;
 к ө ш і р г і ш -
 к ө б е й т к і ш
 ж ә н е м и к р о .
 ф и л ь м д е й т і н
 т е х н и к а м е н ,
 с т е л л а ж ж а б .
 д ы ғ ы м е н ж а р а қ .
 т а у д ы ұ й ы м д а с .
 т ы р у

10. Қазақстан Республикасының Мәдениет қорының тар көшірмелерінің Мемлекеттік сақтану қорын құру	Қазақстан Республикасының Мәдениет қорының құжаттарының көшірмелерінің Мемлекеттік сақтану қорын құру	Қазақстан Республикасының Мәдениет қорының құжаттарының көшірмелерінің Мемлекеттік сақтану қорын құру	2001 ж. - 2005 ж.	2002 ж. - 2005 ж.	Респуб. ликалық бюджет
			2,0 млн. теңге	2003 ж. - 1,5 млн. теңге	
				2004 ж. - 2,5 млн. теңге	
				2005 ж. - 2,5 млн. теңге	

11. Мәтіні өшуге айналған жаттарды	Қазақстан Республикасының Мәдениет, IV	Қазақстан Республикасының Мәдениет, IV	2002 ж. - 2005 ж.	
------------------------------------	--	--	-------------------	--

пына келтіру Үкіметіне ақпарат тоқсаны
және жаңа есеп және спорт
жеткізушідегі министрлігі
аса құнды құ .
жаттардың сақ .
тандыру қорын Ақпарат
жасау жөніндегі және мұрағат
компьютерлік комитеті
технологияларды
енгізуді жүзеге

асыру

12. Қазақстан Бұйрық Ақпарат 2005 -
Республикасы. және мұрағат жылдың
ның тәуелсіз. комитеті I
дігі кезеңін. тоқсаны
дегі мемлекет .
тік мұрағат .

тардың жүйелі
тізімдемеле .
ріне құжатты
ақпараттарды
жіктеу
схемасын

әзірлеу

13. Қызметінің Қазақстан Ақпарат 2001 ж. -
негізгі Республи. және мұрағат -2005 ж.
бағыттары қасының комитеті IV
бойынша авто. Үкіметіне тоқсаны
маттандырылған есеп
мұрағатты тех .

нологияларды
әзірлеу және
енгізу :
электронды
құжат айна .
лымын ұйымдас .
тыру ;
мұрағат қор .
ларына есепке

а л у ;
қ ұ ж а т т а р д ы ң
ф и з и к а л ы қ
с а қ т а л у ы н
қ а м т а м а с ы з
е т у д і б а қ ы л а у ;
м ұ р а ғ а т т ы қ
қ ұ ж а т т а р д ы
п а й д а л а н у д ы
е с е п к е а л у ;
ж и н а қ т а у
к ө з д е р і
м е к е м е л е р і н і ң
т і з і м і н
ж ү р г і з у ;
ғ ы л ы м и - а н ы қ .
т а м а л ы қ
а п п а р а т

жүргізу

14. Мұрағат қызметінің WEB-парағын дайындау Бұйрық Ақпарат және мұрағат комитеті 2001 жылдың IV тоқсаны 2002 ж. - Респуб. ликалық бюджет 0,5 млн. теңге 2004 ж. - 0,5 млн.

теңге

15. Шетел мемлекеттерінің мұрағаттарынан Қазақстан Республикасының Мәдениет, Қазақстан Респ. Үкіметіне тарихи және мәдени құндылығы бар құжаттарды (көшірмелерін) іздестіру мен сатып алу жөніндегі шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Мәдениет, Қазақстан Респ. Үкіметіне және спорт министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитеті Жыл сайын 2002 ж. - Респуб. ликалық бюджет 9,2 млн. теңге 8,8 млн. теңге 2004 ж. - 12,0 млн. 2005 ж. - 9,5 млн. теңге

16. Жаңа жеткізу. Бұйрық	Қазақстан	2001 - 2003 ж. - Респуб.
шілерге дыбыс.	Республика.	2005 11,5 млн. ликалық
тық-бейнелік	сы Мәдениет, жж.	2004 ж. - бюджет
құжаттамаларды	ақпарат	3,6 млн.
көшіру жөнін.	және спорт	теңге
дегі ұйымдас.	министрлігі,	2005 ж. -
тырушылық-	Ақпарат	3,2 млн.
техникалық іс	және мұрағат	теңге
- шараларды		комитеті
іске асыруға		

кірісу

17. Құжаттарды, Бұйрық	Ақпарат	2002 -
мемлекеттік		
оның ішінде	және мұрағат	2005
электронды	комитеті	жж.
жеткізгіштерде		
сақтауға ірік.		

теудің теория.
сы мен практи.
касы бойынша
әдістемелік
құралдар

әзірлеу

18. Республикалық Қазақстан Ақпарат	Жыл	2002 ж. - Респуб.
және аймақтық Республи. және мұрағат сайын		2,4 млн. ликалық
ғылыми-касының комитеті	желтоқ. теңге	бюджет
практикалық Үкіметіне	сан	2003 ж. -
конференция. есеп		0,8 млн.
лар, семинар.		теңге
лар, көрмелер		2004 ж. -
өткізуді		1,5 млн.
ұйымдастыру		теңге
		2 0 0 5 ж. -
		0 , 8 м л н .
		теңге

19. Мұрағат ісі, Қазақстан Қазақстан	Жыл	2003 ж. - Респуб.
құжаттану және Республи. Республика. сайын		0,5 млн. ликалық
археография қасының сы Мәдени. желтоқ. теңге		бюджет
саласында Үкіметіне ет, ақпарат сан		2004 ж. -

мамандар есеп және спорт 1,3 млн.
 даярлауды, министрлігі, теңге
 мемлекеттік 2005 ж. -
 мұрағаттардың, Ақпарат 1,2 млн.
 ұйымдардың және мұрағат теңге
 мұрағаттық комитеті
 ж ә н е і с
 жү р г і з у қ ы з м е т і
 қ ы з м е т к е р л е р .

і н і ң б і л і к т і .
 л і г і н а р т т ы .
 р у д ы Қ а з а қ с т а н
 Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
 ж о ғ а р ы о қ у
 о р ы н д а р ы ,
 ғ ы л ы м и о р т а .
 л ы қ т а р ы а р қ ы л ы

ұйымдастыру

20. Мұрағат ісі Қазақстан Ақпарат 2001 ж. -
 саласындағы Республи. және мұрағат -2005 ж.
 халықаралық қасының комитеті IV
 ынтымақтастық Үкіметіне тоқсаны
 ж ө н і н д е г і е с е п
 ш а р т т а р м е н
 к е л і с і м д е р д і
 і с к е а с ы р у д ы

жалғастыру

Ескерту. 8 бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.13. N 518
 қаулысымен , 8 бөлім жаңа редакцияда - 2002.12.20. N 1336 қаулысымен , өзгеріс
 енгізілді - 2004.03.04. N 272 қаулысымен , 2005.01.28. N 73 қаулысымен .